

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

Сабиева Жанат Касеновна

*Озық инновациялық технологияларды ұлттық
педагогика элементтерімен ықпалдастыру*

ӘДІСТЕМЕЛІК ЖИНАҚ

Нұр-Сұлтан – 2021

УДК 332
ББК 95.319.3

Рецензент:

Мұқатаев О.О. педагог мастер, Қазақстан Республикасы «Өркениет» ғылыми-әдістемелік орталығының аға ғылыми қызметкері;

Озық инновациялық технологияларды ұлттық педагогика элементтерімен ықпалдастыру / құрастырушы автор: Ж.К. Сабиева. – Шығыс Қазақстан облысы, технология пәнінің мұғалімі, 2021. – 40 б.

ISBN 978-601-1014-18-3

Бұл әдістемелік жинаққа құрастырушы автор Сабиева Жанат Касеневнаның технология пәні бойынша жазған авторлық бағдарламасы, үйірме жұмыстарының жоспары, ғылыми жұмысы мен күнтізбелік тақырыптық жоспары енгізілген. Тың педагогикалық идеялар мен тиімді методикалық тәсілдерді өзіне арқау ете отырып орындалған бұл оқу құралы орта білім беретін мектептерге арналған.

УДК 332
ББК 95.319.3

«Өркениет» ғылыми-әдістемелік орталығының 2021 жылғы «18» ақпандағы №11 хаттамасына сәйкес сараптау комиссиясының шешімімен баспаға ұсынылды

ISBN

978-601-1014-18-3

© ҚР «Өркениет» ҒӘО, 2021

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ «ОРКЕНИЕТ» ҒЫЛЫМИ-
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАСПАСЫНА
ҰСЫНЫЛДЫ**



Рецензент:

Рецензент: «Orkeniet» ғылыми-әдістемелік орталығының аға ғылыми қызметкері О.О. Мұқатаев

Құрастырушы автор: Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы «Шаңырақ» көпсалалы мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің технология пәнінің мұғалімі **Сабиева Жанат Касеневна**

©Қазақстан Республикасы «ОРКЕНИЕТ» ғылыми-әдістемелік орталығы, 2021 жыл

Алғы сөз

Бұл әдістемелік құралдағы менің – мақсатым қазақтың ою-өрнек өнерінің тарихы, сыры мен оны дамытушы шеберлердің еңбектерінің маңызын аша түсу.

Қазақстанның бүгінгі күнгі өнері туралы сөз қозғасақ, әдетке айналып кеткен қазақ қолөнерінде кеңінен қамтылатын ою-өрнектер тұрмыстық мазмұндық мәселелері мен экзистенциалдылыққа тартымдылық тәрізді көріністерінің де жалғасып жатқанын атап өтпеуге болмайды. Кәсіби өнердің дамуының осы сәті оюшылардың осы заманғы тұтынушыға жеткізуге ұмтылатын идеялар кешенінің нақты байқалатын шоғырланушылығымен де сипатталады. Бүгінгі күннің қолөнері контекстік жағынан аса толықтырылған, кей жағдайда сол себепті қарапайым көрермен түсіне де бермейді. Ою оюшылар мектебінің қалыптасу сатысының алдыңғы кезеңдеріндегі тәжірибелері, бүгінгі күні толық түсінуіміз болашақтың ісі екенін біле отырып, ұлттық өнердің тұтас, сыйымды, өзіндік сипатқа ие феномен бола алатын, біртұтас түрде жиналатын сияқты болады. Осы процес ұлттық менталитетке байланысты жаңа ою оюшылар тілін қалыптастырумен тығыз байланыста болып отыр. Ол өзінің сыртқы стильдік көріністерінде айтарлықтай шартты, орташалау, рәміздік, метафорлық немесе тіпті ашықтан-ашық метафизикалық сипатқа ие болды.

Бүгінгі күнгі өнерде оның алдыңғы қатарлы түрлері қолөнерінің арақатынасын анықтау оңай жұмыс болмауы әбден мүмкін. Алайда соңғы жылдары республикамыздағы кәсіби қолөнердің алғашқы қадамдарына сай қолөнерінің көпқырлылығы мен даму деңгейінің қарқыны, ырғағы қолөнердің қайта жандануында көрініс табуда. Ол бұл күндері ең алдымен ою-өрнек жұмысының технологиялық процестеріндегі күрделі жұмыстарға байланыстылығында. Ою оюшылар да нысан мен жұмыстарға қатысты мәселелерге аса қатты назар аударатын болды. Кей уақыттарда олар өздерінің әр композицияларында алдарына ерекше мақсат қояды, содан кейін оны жетілдіріп шындалған, шеберлік пен көркемдік тұрғыдан тамаша шешімге дейін жеткізетін болған. Ұлттық мәдениетімізді меңгермей, мәдениетті тұлға тәрбиелеу және ұлттық сананы қалыптастыру мүмкін емес. Қай кезеңде болсын адамзат алдында тұратын міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, салт-дәстүрін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Білімді, өнерлі, жан-жақты тәрбиелі жастар – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы, сондықтан жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсірудегі халық қолөнерінің тәлім-тәрбиелік, білім-танымдық рөлі орасан зор. Халық бұрын ғылым мен білімге қолы жетпесе де, қолөнерді мұрат тұтып, сұлулық пен әсемдікті

талғай да, таңдай да білген. Қазіргі кезде осы қолөнерімізбен бүкіл шетелдерге танымал болып, халықты таңдай қақтырып отырмыз. Сондықтан оқушыларды көркем еңбек сабағында ұлттық ою-өрнектердің технологиясын үйрету-этнопедагогикалық және эстетикалық жақтан үлкен маңызға ие.

Ұлттық ою-өрнек технологиясы және оның этно-мәдени сипаты

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің 2003 жылғы 4 сәуірдегі халыққа арналған Жолдауында: «Біз өз мәдениетіміздің құндылықтарын сақтай отырып, байыппен алға жылжи беретін боламыз», - деп атап көрсеткен болатын.

Қоғамдағы болып жатқан бетбұрыстар, саяси көзқарастар арасында қазақ елінің тарихын шынайы тұрғыда танып-біліп, салт-дәстүріне, рухани мұрасына қасиетпен қарау ерекше маңызға ие болып отыр.

«Болашақ-өткен тарихты білуден басталады», - дейді Баласағұн бабамыз, ал әлемнің екінші ұстазы аталған Әл-Фараби: «Халық өткен өмірі тарихын білмесе, өзінің өмір сүріп жатқан дәуірінің қадірін бағалай алмайды», - деген екен. Олай болса тарихқа, тарихи бастауларға, мәдени мұраларымызға қаншалықты терең үнілсек, қоғамдағы қазіргі жағдайларды соғұрлым жақсы түсінетін, білетін боламыз. Сондай қажеттіліктің бірі – халық қолөнері.

М.Әуезов «Өнерден қуат алмаса, тіршіліктің шырағы өшеді» демекші, өсіп келе жатқан ұрпағымызға өз халқының өнерін бойына сіңіріп өсу – педагогтердің қазіргі кездегі кезек күтірмейтін мәселесі.

Еліміздің белгілі ойшылдары – Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, М. Жұмабаев жастар тәрбиесіне еліміздің рухани негізіндегі байлығын, халық мұраларын, салт-дәстүрлерін жиі пайдалану қажеттілігіне көп көңіл бөлген. Мектеп қай халықтың болсын ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін қызмет етеді. Өйткені ол сол халықтың төл мәдениеті, тілі мен салт-дәстүрін сақтап, одан ары дамытудың алтын көпірі. Халықтың қалыптасуының алдыңғы шарты – білім. Ал шынайы білім беру – ұлттық сананы қалыптастыру мен дамытудың басты құралы. Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында: балалар мен жастарды тәрбиелеудің ең көкейкесті мәселесі ретінде білім мекемесінде оқушылардың этностық-мәдени ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеуді білім берудің тиімді тәсілі деп көрсеткен. «Қазақтар тек ою әлемінде өмір сүретін сияқты» деп Ә.Марғұлан айтқанындай, халық мұрасындағы ұлттық өрнектердің үйлесімді рендерінде ата-бабамыздың тұрмыс-салт дәстүрі бейнеленгені шындық. Халықтың тарихын, шежіресін, географиясын, мінезін, ерлігін дәл бейнелейтін ою-өрнек – күдіретті өнер. Ұлттық мәдениетімізді меңгермей, мәдениетті адамзат тәрбиелеу мүмкін емес.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі 1993 жылғы ұлттық «Тәлім-тәжірибе тұжырымдамасын» барша бұқара халыққа ұсынды. Онда мұғалімдердің білімін жетілдіру институтында ұлттық-тәлім тәрбие курстарын жүйелі түрде ұйымдастырып отыруды

ерекше атап көрсеткен еді. Бірақ зерттеу нәтижесінде көрсетіп отырғандай, қазақ мектептерінде ұлттық қолданбалы өнер түрлерін дамыту ойдағыдай емес. Осы мәселелер бойынша жинақталған мағлұматтарды талдай отырып, мынадай өзекті мәселелер туындап отыр.

1. Зерттеу барысы айқындаған қанағаттанарлық сапаға көтеріле алмауының бірден-бір себебі – оқушыларға ұлттық қолданбалы қажетті оқу материалдарының және дидактикалық құралдардың жеткіліксіздігі.

2. Жалпы қолданбалы өнер саласында түсініктері бар, бірақ ол түсініктері үстірт және ұлттық өнер табиғатының мазмұнымен, мәнімен үйлесім таппай, әрі оқушылардың шығармашылық ой-қиялы мен талғам өрісіне ықпал етпейтін жағдайда жүргізіліп, нақтылы көркемдік білім көздерін айқындауға дұрыс көңіл бөлінбеген.

3. Ұлттық тәрбие беру ісінде халық педагогикасының озық үлгілері мен қолданбалы өнердің ұлттық дәстүрлері тиімді қолданылмайды.

Осы жүргізілген жұмыстарға ой қорытып тұжырымдасам жалпы оқушыларға қазіргі көркем еңбек сабағында ұлттық өнерді оқытудың тиімді әдіс-тәсілдеріне жататындар мыналар:

-оқушыларды халық өнеріне сендіру, оның арнаулы түрлерін оқытып үйрету;

-ұлттық өнердің жасалуы мен орындалу жолдарына жаттықтыру, дағдыландыру;

-халық өнерінен үлгі өнеге алу және еліктеу;

-оқушылардың ұлттық шығармашылық сезімдерін көтермелеу және дамыту, ойлау мен таным қабілеттерін қалыптастыру. Қазақтың ұлттық ағаш ою-өрнегінің этно-мәдени қызметін қарастыра келе оны халық игілігіне айналдыру мақсатында төмендегі мәселелер көтерілсе, ел игілігі үшін нұр үстіне нұр болар еді.

-«Ұлттық мәдениет», «өнер» пәндері гимназия сыныптарына ғана емес, жалпы орта мектептерде жүргізілсе;

- Республика деңгейіндегі ұлттық мәдени құндылықтарға арнайы мерзімді басылым шығарылса;

- Ұлттық ою-өрнегімізді халықтық дәрежеге жеткізсек;

- Халықтың қажеттілігіне жасалған қолөнер бұйымдарында қазақтың ұлттық ою-өрнектері қолданылса;

- Қазақстан Республикасының бір қаласы – ұлттық мәдени қала дәрежесіне көтерілсе.

Ою-өрнек өнері дайындығының теориялық-әдістемелік негіздері.

Қазақстанның бүгінгі күнгі ою-өрнек өнері туралы сөз қозғасақ, әдетке айналып кеткен қазақ ою-өрнек өнеріндегі ұлттық тұрмыстың мазмұндық мәселелері мен экзистенциялыққа тартымдылық тәрізді

көріністерінің де жалғасып жатқанына атап өтпеуге болмайды. Ою-өрнектің кәсіби тұрғыда дамуының осы сәті оюшылардың осы заманғы тұтынушыға жеткізуге ұмтылатын идеялар кешенінде нақты байқалатын шоғырланушылығымен де сипатталады. Түрлі-түстер, композициялар, фактура немесе пластика көмегімен шығу көздері жылдар бойы шындалған әдеттегі құндылықтармен тығыз байланысқан. Осы процесс барысында шығармалардың нысандарымен атқарылатын, сол бағытта тамаша туындыларды дүниеге әкелетін бейнелеушілер мен мүсіншілердің шығармаларында нысан ролін әсемдік ерекшелік факторының күшеюі жүзеге асырылуда. Ою оюшылар кез-келген, тіпті ең ауыр қабылданатын шығармашылық көріністерді қабылдау мүмкіндігінің бар екендігіне сенімі бар және сол туралы көрермендерді де сендіре алады. Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық өнерінің, түркілердің монументалдық пластикасының, тастарға ойылған графикасының, ежелгі алтын мен қола мүліктерінің мұрасы ежелгі өнер иелерінің мирасқорлары, бүгінгі күнгі оюшылардың творчестволарынан да орын табуда.

Ұлттық өнер шеберлері тәжірибесінен

Ою-өрнек өнері халықтың шынайы рухани-эстетикалық танымымен біте қайнасып кеткен этнографиялық мәнге ие көрінісімен ерекше, құнды болғандықтан, ұлт мәдениетін айқындайтын өте қажетті сала. Міне, осы ою-өрнектің тарихын, ерекшеліктері мен дамуын зерттеуші ғалымдар бұл саланы да өзіндік үлгіде дамытып, жаңғыртып отыратын шеберлері болғандықтан, олардың шығармашылық еңбектері өзге өнер түрлеріндегі адамдардыкі сияқты көзге түсіп бағалана бермейтіні белгілі. Біз өз тарапымыздан осы ою-өрнек айшықтарын тудырушы ел ішіндегі аз шеберлердің еңбектерін саралап қарасақ, Қазақстан Республикасы мәдениет ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы бойынша «Алматыкітап» баспасынан шыққан ұлттық өнерді зерттеуші Маргарита Өмірбекованың «Энциклопедия» атты қазақтың ою-өрнектері туралы шыққан үлкен альбом кітабы. Сонымен қатар республикамыздағы ою-өрнек шебері Қазақстан Республикасы ою оюшылар одағының мүшесі, суретші-педагог Сапар Асқарұлы Төленбаевтың еңбегін атап өтпеске болмайды. Бұл кісінің өзіне тән басқаға үлгі болатын сабақ берудегі әдістемесінің қызықты да ұтымды жақтары өте көп. Ол әр кезде өзімен бірге түрлі-түсті қағаздар алып жүретін, кез-келген уақытта қажетті сәтте жылдам-жылдам айқыш ұйқыш қағазды кескілеп тастап, білімгерлерге ұстатып, оларға жайлап жазғызып жайдырғанда, одан шыққан әдемі, күрделі ою-өрнек тізбектері тура сиқыршының керемет әрекеттерінен туындаған

дүниелердей көрінетін. Бұл адамның өз ісінің шеберлігі тек шәкірттерін ғана емес, кәсіби маман әріптестерін тәнті ететін. Осындай ұлттық өнер шебері А.С.Төлебаевтың тәжірибелерін зерделеу ою-өрнек саласындағы мамандар мен ұстаздарға пайдалы нәтижелерін беретіні сөзсіз. Сондықтан бұл жоғарыдағы зерделенген жағдай қазақтың ою-өрнегінің ұлттық мазмұнындағы эстетикалық ой-түйсіктерін терең пайымдап игеру үшін өнер саласының мамандары мынандай педагогикалық мәселелерді анықтап, шешімін табу керектігін айқындайды:

- Қазақ ою-өрнегінің әр-түрлі тарихи кезеңдегі композициялық ерекшеліктерін анықтап, оның даму жолдарын зерделеп ғылыми негіздерін жүйелеу;
- С.Төленбаевтың ұлттық өнердегі өзіндік орнын, қолтанбаларын анықтап, ою-өрнек жасау тәсілін, әдістемелерін игеру үшін жан-жақты зерттеулер жүргізу;
- Болашақ суретші-педагогтарды дайындауда ұлттық ою-өрнектердің тарихын, мазмұнын, қосымша үлгілерін теориялық және практикалық негіздерін тереңдетіп оқытудың жүйелі түрдегі әдістемелік жолдарын айқындау.

Ою-өрнек мәдениеті – ертеден келе жатқан қазақи көркем таным. Біз көп айта беретін ұлттық идеология дегеніміздің өзі мәдениетке сүйенеді. Сондықтан біз шекараны қалай қорғасақ, салт-дәстүрімізді, мәдениетімізді де солай қорғауымыз керек. Қоғам мүшелерінің парасат деңгейі мен рухани биіктігі жоғары болған сайын мемлекет негізінің іргетасы да соғұрлым берік болмақ.

Осы қағиданы анық түсінгеннен кейін мемлекеттің алдынан мәдени дамудың бағытын таңдау, оны таңдаған соң сол дамудың стратегиялық концепциясын жасамай тұрып, мемлекеттік идеология туралы ойлаудың өзі жалаң идея, сөз жүзіндегі игі ғана болып қалары сөзсіз. Қазақтың мәдениет және өнертану ғылыми орталығы осы концепцияны жүзеге асыру үшін арнайы бөлім ашылып, іске кірісіп кетті.

Қазақстан – территориялық, экономикалық және геосаяси жағынан өзге мемлекеттерге ұқсамайтын бірден-бір ерекше мемлекет. Бұған келіп республиканың өз ішіндегі әр түрлі ұлттық және ұлыстардың тілдік, ментальдық әралуандығын қоссақ, мәдени дамудың жалпы мемлекеттік стратегиясын жасап шығу оңайға соқпасы белгілі. Ол үшін әр түрлі тілдік, діндік және тарихи-мәдени ерекшеліктерге заң ғылымының өкілдері де белсене араласуы қажет.

Қазақстан мәдениеті деген үлкен ұғымға негізгі ұйытқы болатын қазақ мәдениеті ертең қай бағытта дамуы керек? Азиялық па, еуразиялық па түркілік пе әлде мұсылмандық негізде ме? Қазақстанның

қазіргідей саяси жағдайында бір ғана ұлттық шеңберде дамуды мақсат етіп қоюдың өзі дүние-әлемде қалыптасып отырған бүгінгі таңдағы шындық жағдайды ескермегендік болып табылады. Ұлттық мәдени дамудың болашағын негізге ала отырып, біз өзімізді қоршаған басқа да озық үлгідегі мәдени дәстүрлер мен ағымдарды есепке алуға тиіспіз.

Мәдениет ұлтты қорғайды, сол ұлттың басын құрып отырған мемлекетті қорғайды. Бұл дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Демек мемлекет те өз мәдениетін қорғауы керек, оның жаңарып, түрленіп, гүлденіп отыруына баса көңіл бөлу қажет. Мәдениетті күнделікті болып жататын көңіл көтерер факт ретінде қабылдамай, ұлттың негізі, мемлекеттің тірегі деп қарайтын кез жетті. Олай болмаған жағдайда ұлт мәдениетінің босаған орнын басқа елдің жат өнері жайлап алады. Ол Жоңғар шапқыншылығынан әлдеқайда қауіпті.

XXI ғасырда ою-өрнек өнері өз маңызын жоймағаны ақиқат. Бұрынғыдай ою-өрнек сызғанға бүгінгі өркениет адамының уақыты жете ме? Әрине жоқ. Олай болса ою-өрнектің технологиялық нұсқасын оқушыларға үйрету бүгінде өзекті болмақ, дегенмен жақсы нәрсе жерде қалмайды және екі адам өмір мен өнер туралы достық реттегі әңгімеде бір -біріне сын көзбен қарауға мүмкіндік беретін, ою оюшылар ерекше түс белгісін табуды қажет ететін модель болса, модель ою-өрнек үшін шығармашылық пен өнердің мәнін түсіндірудің құралы болмақ.

«Шебер қолдар» үйірмесіне арналған авторлық бағдарлама
(5-7-сыныптарға арналған)

Түсінік хат

Атам қазақ бала тәрбиесінде өмір тіршілігінің ертеңгі келешегіне ерекше мән берген. Бала кезінен көзі көргенді көңілге тоқып, қолы үйреніп істей алатындай болуға бейімдендіріледі. Ұл бала болса үш өнерді, қыз бала болса үш өнерді білу парыз дейді екен. Сондағы бұл үш өнер не? Ұл бала таспа тіліп, өрім өре білу, шаш алып, мал сойып, оны мүшелей білуі қажет. Ал қыз бала ине сабақтап, кесте тігу, ұршық ұстап, жіп иіру, арқау құрып, қап токуды үйренуі керек болған. Осындай қазақ арасындағы ортаға тән үш өнердің өзекті мәні тұрмыстағы өз қажетін өзі біліп, оны меңгеруге баулығаны болмақ. Мысалы, бір қамшының төрт таспа, алты таспа, сегіз таспа, он екі таспа болып кете баратын өрімі де болған. Бұйра қамшы, сары ала қайшы, тобылғы сапты қамшы, бұзау тіс, дойыр, дырау қамшы, т.б. болып аталған. Ал тігін жөнінде басқасын айтпағанда: қайып тігу, қарбып тігу, бүріп тігу сияқты кете баратыны бар. Өнерде өлшем жоқ. Өнердегі өлшем ептілік, үйрену, жұртты сүйсіндіретін тамашасымен тамсандыруда жатыр.

Өнер – әсемдіктің ең жоғарғы түрі, өйткені ол табиғаттың әсемдігін де, адам еңбегімен жасалған заттардың әсемдігін де, сол адамның ұлылығы мен сұлулығын да, оның ой-арманын да өз бойына жинақтап, жан-жақты бейнелей алады. «Өнердің көзі халықта» дегендей, халықсыз өнер, өнерсіз халық жоқ. Өнер өмірді сұлулықпен байытып, адамдардың эстетикалық қажеттерін қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Өнер жақсыға сүйсіндіреді, жаманнан безіндіреді. Сондықтан технология пәні мұғалімдеріне өз сабақтарында халық қолөнері негіздерін енгізу – қазіргі күннің талабы. Технология саласы оқушыларды халық дәстүрімен, әдет-ғұрыптарының түрлерімен таныстыра отырып, ұлттық этика, эстетикалық қабілеттерін және әділеттік, инабаттылық дағдыларын қалыптастырады. Өзге халықтар сияқты қазақтың да балаларға қолөнер шеберлігін үйретуде ерте заманнан бері жиып-терген мол тәжірибелері бар. Өз ұрпағының «Сегіз қырлы, бір сырлы» өнегелі болып өсуін мақсат еткен ата-анамыз өз

бойындағы бар асыл қасиеттерін ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, насихаттап, үйретіп келген. Мұның өзі түптеп келгенде баладан шыдамдылық пен төзімділікті қажет етіп, алдына қойған мақсатына жетуге талпынуға, шеберлікке еңбексүйгіштікке тәрбиелейді. Оқушының сабақта алған білімін әрі қарай жалғастырып дамытудың негізгі жолы болып есептеледі. Үйірме жұмысының нәтижесінде үйірмеге қатысатын оқушылар үйірмеге қатыспайтын құрбыларына қарағанда анағұрлым толық мағлұматтарға қанығып, шеберлігі шындалып, ой-өрісі кеңейе түседі. Қазіргі оқыту технологиясы барысында бала тек үйренуші ғана емес, үйренуші шәкірттен белсенді үйретуші, өзіндік ой пікірі бар жан-жақты дамыған дара тұлға дәрежесінде болуы керек. Еңбек сабақтарында немесе үйірмелерде оқушы тек мұғалімнің үйретуімен бұйым түрлерін жасаумен шектеліп қана қоймай, сонымен бірге оған талдау жасап, жасалу, өңделу технологиясына өз ой пікірлері мен ұсыныстарын айтуға дағдыланады. Осылайша балалар әр түрлі шығармаларды зерттей отырып, баға берумен өз бойларында келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, ұлттық, этикалық бағалы қасиетті қалыптастырады. Осы тұрғыда ежелгі гректің бір афоризмінде «Бала жаны-толтыратын бос ыдыс емес, тұтатуды қажет ететін алау» делінген екен. Ал өз халқымызда «Бұлақ көрсең, көзін аш» дегендей, өнерге икемі бар, іскерлігі бар балалардың өнерге деген білімін қалыптастыру, іскерліктерін шыңдау жолында және де қолөнер туындыларының нұсқаларын үлгі тұта отырып, көнере бастаған түрлерін жаңарту, одан әрі дамыту мақсатында үйірме жұмыстарын жүргіземіз. Шығармашылық ізденудің нәтижесінде тұрмысқа керекті заттардың жаңа, сан алуан түрлері жасалып отырылады. Жалпы халық арасындағы қолөнердің бай мұраларын жинап, сұрыптай отырып, заманымызға сай, лайықты сапа, түр беру әдісімен оларды ілгері дамыта түсеміз. Мектепте жүргізілетін көптеген тәрбие жұмыстарының бір саласы өскелең жас ұрпақты халқымыздың ұлттық қолөнеріне баулуға бағытталады, өнерге бейімділіктің алғашқы қадамы баланың өскен ұясынан бастау алып, мектеп қабырғасында оқу-тәрбие жұмыстары барысында ілгері дамытылып, байытылады. Бүгінгі таңда халқымыздың ежелден желісі үзілмей келіп жеткен көне де ізгі дәстүрі жас ұрпақты ұлттық, сәндік қолданбалы қолөнердің тұнығынан сусындатып, әлем халықтарының шеберлерінің ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан

таңқаларлық тамаша шығармаларымен таныстыра отырып ,өнерге қанат қаққан шәкірттерді шеберлік шыңына жетелеп дұрыс бағыт сілтеу, қолөнерге баулу – басты мақсатымыз. Баланың білімін тереңдетуде шығармашылығы, еңбекке қызығушылығы мен ой-өрісін кеңейтіп, талғам деңгейін жоғарылату барысында қолөнер үйірмелерінің орны ерекше. Үйірме жұмысының іс-тәжірибесіне көңіл аударар болсақ, баланың шығармашылық кезеңдеріндегі танымдық мүддесінің дамуы бейнелеу өнері, геометрия, математика жануартану, өсімдіктану, сызу, физика т.с.с. пәндерге тікелей байланысты болатындығы аңғарылады. Бала оқу процесінде алған білімін үйірмеде іс жүзінде қолданып, қолөнер бұйымдарын дайындау кезеңдерінде пайдаланады. Оқушылардың сабақтан алған білімін нақтылап, дамыта оқытудың бірден-бір жолы – үйірме жұмыстары. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, үйірмеде 5-7-сыныптар аралығынан қолөнерге бейімі бар оқушыларды жинақтап, үйірме жұмысын бастадым. Үйірме жұмысы бір бағытта жүргізіледі. Ол – сәндік-қолданбалы қолөнер бағыты. Үйірме жұмысына дұрыс бағыт-бағдар беру үшін жұмыс бағдарламасы құрастырылып, үйірменің мақсаты мен міндеттері анықталды.

Бағдарламаның мақсаты:

Балаларға қосымша білім беруде оқушының білімін, шеберлігін көрсету. Оқушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылықтарын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамыту.

Міндеті:

- Оқушыларды шығармашылыққа тарта отырып жобаны тани білуге, он саусағынан өнері тамған баланы тәрбиелеу.
- Шәкірттердің шеберлігін, білім мен еңбегін көрсету
- Іскерлік, икемділік қабілеттерін арттыру.
- Ғылыми жұмыстарға, көрмелерге қатыстыру

Сабақтың түрлері: Сарамандық, пікірталас, әңгімелесу, талдау, теориялық, машықтық, жеке, топтық түрінде технологиялық нұсқау карталар, үлгі суреттер, бұйымдар арқылы орындалуы жүзеге асырылады.

Бұл бағдарлама 11 бөлімнен тұрады:

1. Техникалық қауіпсіздік ережесі (1 сағ).
2. Су моншақпен тоқып үйрену бөлімінде: моншақпен түрлі бұйымдар тоқу, моншақпен кестелеу жұмыстарына үйретіледі (20 сағ).
3. Қағазбен жұмыс: Оригами тәсілімен қағаздан әртүрлі бұйымдар, гүлдер жасау тәсілі үйретіледі (16 сағ).
4. Тұрмыстық еңбек бөлімінде: тұзды қамырдан әшекейлік, тұрмыстық бұйымдар құрастыру, ыдыс-аяқтарды мүсіндеу, безендіру үйретіледі (16 сағ).
5. Табиғи материалдармен жұмыс: табиғи материалдарды жинау тәсілі, өңдеу, одан әртүрлі бұйымдар жасау үйретіледі (12 сағ).
6. Кесте тігу (10 сағ).
7. Квиллинг тәсілін үйрету (10 сағ)
8. Ою-өрнек бастырмалар бөлімінде: ою-өрнектің үлгілерін жасау, ою жиегін кестелеу әдістері үйретіледі (20 сағ).
9. Көркем еңбек бөлімінде: ұлттық киім түрлері, әйелдер мен ерлер киімдерін түрлі материалдан қиып жапсыру үйретіледі (16 сағ).
10. Сәндік-қолданбалы өнер элементтері бөлімінде: шолпы, алқа, білезік, тұмарша бұйымдарын жасау үйретіледі (16 сағ).
11. Тоқыма-өнері бөлімінде: біз-инемен, ілмекпен тоқу әдістеріне үйретіледі (16 сағ).

«Шебер қолдар» үйірмесінің бағдарламасы – оқушыларға тәрбиелік мәні бар көркемдік шеберліктің үлгісі. Бүгінгі шәкірттерді еңбекқор, жан-жақты икемділік қабілеттері жетілген азамат етіп тәрбиелеуді көздейді. Бағдарлама бойынша жас ерекшеліктеріне байланысты 5- 7- сыныпта оқитын оқушылармен сабақты ұйымдастыру әдістемесін, теориялық сабақтар мен практикалық жұмыстар үшін уақытты дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Бұл бағдарлама негізгі орта, жалпы орта білім беретін мектептердің және қосымша білім беру мекемелерінің технология пәнінің мұғалімдеріне әдістемелік көмек ретінде ұсынылады

Бағдарлама түрлі әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылады:

Әрбір жетекші мұғалім өз пәнін жақсы біліп қана қоймай, үнемі ізденіс үстінде болу керек, жұмыс жасауға қажетті материалдарды көркем әдебиеттерден, баспа сөз беттерінен, ақпарат құралдарынан іздестіре отырып, тақырыпқа байланысты элементтерін, дайын бұйым түрлерін, слайд-фильмдерді, әсіресе компьютер арқылы фото

туындылары т.б.с.с. көрнекі материалдарды барынша пайдаланып, көп еңбектенуге тура келеді.

Қазір оқушыларымызға өнердің барлық түрлерін, қолөнерге икемділіктерін үйірме жұмыстарымен айналыса отырып, толық меңгеруге тәрбие берудің деңгейін көтеріп, мақсатқа жету үшін түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады.

Оқушыларға арналған қосымша білім берудегі үйірменің күнтізбелік жоспарының құрылымы аптасына 4,5 сағаттан жыл бойы 153 сағат өтілуге жоспарланған.

«Шебер қолдар» үйірмесінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары

№	Өтілетін тақырыбы	Сағ. саны	Теориялық және тәжірибелік жағы
1	Техникалық еңбек кіріспе ұйымдастыру жұмыстары. Технологиялық мәліметтер. Жұмыс орны ережелерімен таныстыру. Қауіпсіздік ережелері.	1	Қауіпсіздік ережелерімен таныстыру
	Су моншақпен тоқып үйрену	20	
2	Сумоншақтың түрі, қажетті құралдармен танысу.	1	Пайдаланылатын жері
3	Сумоншақты тоқу тәсілдері	1	Инемен, сыммен лескамен
4	Сумоншақтың түрлері	1	Қолданылу жері
5	Білезік тоқу	1	Сумоншақтың түрін сәйкестендіру
6	Білезік тоқу	1	Тәсілін үйрету
7	Білезікті тоқып бастау	1	Тәсілін үйрету
8	Білезік тоқу	1	Тәсілін үйрету
9	Білезікті тоқу	1	Тәсілін үйрету
10	Білезікті тоқу	1	Тәсілін үйрету
11	Білезікті тоқу	1	Тәсілін үйрету
12	Білезікті тоқу	1	Тәсілін үйрету
13	Матадағы суретті сумоншақпен кестелеу	1	Инені сәйкестендіру
14	Кестелеу	1	Тәсілін үйрету
15	Кестелеу	1	Тәсілін үйрету
16	Кестелеу	1	Тәсілін үйрету
17	Кестелеу	1	Тәсілін үйрету
18	Кестелеу	1	Тәсілін үйрету
19	Гүл тоқу тәсілі	1	Гүл түрімен танысу
20	Гүл тоқу тәсілі	1	Моншақтарды сәйкестендіру

21	Гүлді құмыраға отырғызу	1	Отырғызу тәсілі
	Қағазбен жұмыс	16	
22	Оригами тәсілі	1	Оригами дегеніміз не
23	Қағазды бүктеу	1	Бүктеу тәсілі
24	Қағазды дайындау	1	Тәсілін үйрету
25	Қағазды дайындау	1	Тәсілін үйрету
26	Аққудың тұғырын жасау	1	Бүктеу тәсілі
27	Аққу жасау	1	Бүктеу тәсілі
28	Аққу жасау	1	Бүктеу тәсілі
29	Аққу жасау	1	Бүктеу тәсілі
30	Бәйтерек	1	Бәйтеректің сызбасы
31	Қағазды бүктеу	1	Жасалу тәсілі
32	Қағазды бүктеу	1	Жасалу тәсілі
33	Қағазды бүктеу	1	Жасалу тәсілі
34	Бәйтерек жасау	1	Бұйымды жасау тәсілін
35	Бәйтерек жасау	1	Бұйымды жасау тәсілін
36	Бәйтерек жасау	1	Бұйымды жасау тәсілін
37	Бәйтерек жасау	1	Бұйымды жасау тәсілін
	Тұрмыстық еңбек	16	
38	Папье маше тәсілі	1	Жасалу тәсілі
39	Бдыс жасау: Кесе	1	Жасалу тәсілі
40	Бдыс жасау: Кесе	1	Жасалу тәсілі
41	Бдыс жасау: Кесе	1	Ақаулықтарды жөндеу
42	Бдыстың сыртына сурет салу	1	Суретті таңдау
43	Лакпен әрлеу	1	Жағу тәсілі
44	Тұзды камырмен жұмыс	1	Жасалу тәсілі
45	Өшекейлік бұйым бойтұмар жасау	1	Жасалатын бұйымды таңдау
46	Бойтұмар жасау	1	Жасалу тәсілі
47	Бойтұмар жасау	1	Жасалу тәсілі
48	Гүлдерді жасау	1	Жасалу тәсілі
49	Гүлдерді жасау	1	Жасалу тәсілі

50	Гүлдерді бояу	1	Жасалу тәсілі
51	Келемшелерді біріктіріп гүл жасау	1	Жасалу тәсілі
52	Гүлдерден панно жасау	1	Жасалу тәсілі
53	Панноның шеткін жөндеу	1	Жасалу тәсілі
	Табиғи материалмен жұмыс	12	
54	Құмыранын сыртына ермексаз жапсыру	1	Жапсыру тәсілі
55	Дәндерді жапсыру	1	Жапсыру тәсілі
56	Құмыраның сыртың бояу	1	Бояу тәсілі
57	Жапырақтармен сурет жапсырмалау .	1	Суретті таңдау
58	Жапырақтармен сурет жапсырмалау Күзгі керемет	1	Сызбасын сызу
59	Жапсырмалау	1	Тәсілін үйрету
60	Жапсырмалау	1	тәсілін үйрету
61	Шетіне рамка жасау	1	Рамка түрін таңдау
62	Лакпен әрлеу	1	Әрлеу тәсілі
63	Қарбыз дәнінен сурет ежапсырмалау	1	Жасалу тәсілі
64	Суретті салу	1	Жасалу тәсілі
65	Шетіне рамка жасау	1	Рамка түрін таңдау
	Кесте тігу	10	
66	Тігіс түрі: тышқан із,	1	Тігу тәсілін түсіндіру
67	Шет тігісті тігу.	1	Сызбасын сызу
68	Балапан суретін тігу	1	Суретті салу
69	Балапан суретін тігу	1	Тігу тәсілінің түсіндіру
70	Орайпек тігісін тігу	1	Тігу тәсілі
71	Орайпек тігісін тігу	1	Тігу тәсілі
72	Кестенін ішін толтырып тігу тәсілі	1	Тігу тәсілі
73	Гүл	1	Тігу тәсілі
74	Жіппен бейнелеу	1	Тігу тәсілі
75	Жұлдызша ны тігу	1	Тігу тәсілі
	Квиллинг тәсілі	10	
76	Квиллинг	1	Квиллинг жайлы түсіндіру.

77	Квиллинг	1	Қию тәсілін үйрету
78	Гүлдерді жасау	1	Жасалу тәсілі
79	Жапырақтарын жасау	1	Жасалу тәсілі
80	Композиция құру	1	Жасалу тәсілі
81	Гүлдерді құмыраға отырғызу	1	Сәйкестендіру
82	Бұдыс жасау	1	Жасалу тәсілі
83	Жолақшаларды орау	1	Жасалу тәсілі
84	Дөңгелектерді бір-біріне желімдеу	1	Желімдеу тәсілі
85	Еркін тақырып	1	Шығармашылық
	Ою-өрнек бастырмалар. Құрақ тігу	20	
86	Мата, ою таңдау	1	Мата түрі
87	Сызбасын сызу	1	Түсіндіру
88	Оюды ою	1	Түсіндіру
89	Оюды матаға көктеу	1	Түсіндіру
90	Оюды матаға көктеу	1	Түсіндіру
91	Оюдың бір мүйізін машинада матаға жапсырып тігу	1	Үйрену
91	Оюдың бір мүйізін машинада матаға жапсырып тігу	1	Үйрену
92	Оюдың екінші мүйізін машинада матаға жапсырып тігу	1	Үйрену
93	Оюдың үшінші мүйізін машинада матаға жапсырып тігу	1	Үйрену
94	Оюдың төртінші мүйізінде машинада матаға жапсырып тігу	1	Үйрену
95	Құрақты астарлау,	1	Үйрену
96	Құрақтың шеткі тігісін тігу	1	Тігу тәсілін үйрену
97	Ішін толтыру	1	Материалды дайындау
98	Аспаздық қолғап тігу,	1	Түсіндіру
99	Қолғапты пішу	1	Түсіндіру
100	Бір қолғапты машинада сырып тігу	1	Сырып тігуді түсіндіру
101	Екінші қолғапты машинада сырып тігу	1	Түсіндіру
102	Қолғаптын шетін машинада тігу	1	Түсіндіру

103	Қолғапқа ілгек тігу	1	Сызба жасау
	Көркем еңбек	16	
104	Қазақтың ұлттық әйелдер киімі.	1	Қазақтың ұлттықәйелдер киімі
105	Үлгілеу, пішу, жапсырмалау	1	Жапсырмалау әдісі
106	Қазақтың ұлттық ерлер киімдері.	1	Қазақтың ұлттық ерлер киімдері.
107	Үлгілеу, пішу, жапсырмалау.	1	Жапсырмалау әдісі
108	Ұлттық бас киімдер	1	Ұлттық бас киімдер түрі
109	Қыздар тақиясы	1	Қыздардың тақиясының түрлері
110	Қыздар тақиясы	1	Тақияны пішу әдісі
111	Бір оюды сумоншақпен тігу.	1	Тігу тәсілі
112	Екінші оюды сумоншақпен тігу.	1	Тігу тәсілі
113	Тақия бөліктерін біріктіріп тігу	1	Тігу тәсілі
114	Тақияны астарлау	1	түсіндіру
115	Қоржын тігу . Сыбасын сызу	1	Қоржын түрі
116	Қоржынды пішу	1	Қию тәсілі
117	Қоржынның бір басын тігу	1	Тігу тәсілі
118	Қоржынның екінші басын тігу	1	Тігу тәсілі
119	Қоржынды оюлап тігу	1	Тігу тәсілі
	Қолданбалы сәндік көркем өнер	16	
120	Әйнекке витраждық бояумен суретсалу.	1	Витраждық бояумен сурет салу
121	Әйнекке витраждық бояумен суретсалу.	1	Сурет ті таңдау
122	Әйнекке витраждық бояумен сурет салу.	1	Сурет салу тәсілі
123	Әйнектің шетін әрлеу	1	Дайындау
124	Тұзды қамырдан ыдыстарды жасау немесе қалыптау.	1	Сілтемелер
125	Ыдыстарды жасау	1	Дайындау

126	Тұзды қамырдан гүлдер түрі.	1	Сілтемелер
127	Қамырды дайындау.	1	Қамырды дайындау
128	Екі дана гүл күлтелерін кесіп, дайындау.	1	Дайындау
129	екі дана гүл күлтелерін кесіп, дайындау.	1	Дайындау
130	Гүл күлтелерін жапсыру	1	Жапсыру тәсілі
131	Кептіру	1	Кептіру тәсілі
132	Сабағын жасау	1	Жасау тәсілі
133	Жапсыру	1	Жапсыру тәсілі
134	жапырағын жасау, жапсыру	1	Жапсыру тәсілі
135	Бояу	1	Бояу тәсілі
	Тоқыма өнері	16	
136	Жіпті инеге теру тәсілі	1	Жіпті теру тәсілін үйрету
137	Оң шалуды тоқу .Теріс шалуды тоқу	1	Оң шалуды , үйрету
138	Теріс шалуды тоқу	1	Теріс шалуды үйрету
139	Шұлық тоқу Резенкесі 5-6 см.	1	Резенке тоқу тәсілі
140	Шұлық тоқу. Қонышын оң 5-6 см тоқу	1	Шұлық тоқу тәсілі
141	Шұлық тоқу. Қонышын оң 10-12см тоқу	1	Шұлық тоқу тәсілі
142	Өкшесін тоқу	1	Өкшесін тоқу тәсілі
143	Шұлықтың басын тоқу	1	Шұлықтың басын тоқу
144	Шұлықтың басын тоқу.	1	Шұлықтың басын тоқу
145	Шұлықтың басын тоқтату.	1	Тоқтату тәсілі
146	Шарф тоқуға жіп теру	1	Жіп теру тәсілі
147	Шарфты тоқып бастау	1	Тоқу тәсілі оң, теріс шалу
148	Шарф тоқу	1	Тоқу тәсілі оң, теріс шалу
149	Шарф тоқуды аяқтау	1	Аяқтау тәсілі

150	Бізбен тоқу	1	Бізбен тоқу тәсілі
151	Дөңгелекті бастау тізбектей тоқу	1	Тізбектей тоқу тәсілі
152	Дөңгелекті бағанша тәсілімен тоқу.	1	Бағанша тоқу тәсілі
153	Дөңгелектің шетіне шілтер тоқу.	1	Шілтер тоқу тәсілі

Оқушыларға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Аруана баспасы. «Сен білесің бе?» атты тарихи этнографиялық кітаптар топтамасы.
2. Балаларға арналған «Бала би» танымдық журналы.
3. З. Сейітжанов «Асыл сөз аталары»
- 4.«Мектептегі технология» республикалық әдістемелік журналы. 2007 №3, 2007 №7, 8.

Мұғалімдерге ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

- 1.Ай сайын шығатын «Технология» республикалық әдістемелік журналы. Бас редактор Әбиева Фаридә Бейбітқызы 2006, 2007, 2008, 2009.
- 2.Ай сайын шығатын қоғамдық-саяси, көркем әдеби және суретті «Қазақстан әйелдері» журналы. 2004, 2005, 2008, 2009 ж. Бас редактор: Бакқожа Мұқағали.
- 3.Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. – Алма-Ата: «Өнер», 1986. – 256 бет.

Жергілікті табиғи материал қалдығы сабанды қолдану арқылы бұйым жасаудың ерекшелігі мен тиімділігі

(Ғылыми жоба)

Аңдатпа

Бүгінгі таңда жаңалыққа жаны құмар жас ұрпаққа заман талабына сай тәрбие мен білім беру, өнерге баулу көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Ел басының бұл жайлы: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды, өз өнерімізді бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн», - деген сөзі баршамызға салмақты міндеттер жүктейді. Осыған орай мектеп жағдайында қолөнер бұйымдарын жасап үйрену, сол арқылы шеберлікті дамыту мәселесі терең зерттеуді қажет ететіндігі айқындалып, ғылыми жұмысымының тақырыбын «Жергілікті табиғи материалдардан сабан қалдықтарын қолдану арқылы бұйым жасаудың ерекшелігі мен тиімділігі» деп алуыма негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: қалдықтың еш жерде қалмайтынына көз жеткізу, арқылы теориялық тұрғыдан негіздеу және тәжірибе жүзінде дәлелдеу.

Зерттеу нысаны: жергілікті табиғи материалдар

Зерттеудің ғылыми болжамы: қалдықтарды пайдалана отырып, мектеп жағдайынында қолөнер бұйымдарын жасау.

Зерттеудің міндеттері:

Қалдықты пайдалана отырып, күнделікті тұрмысқа қажетті сұраныс туғызатын, заман талабына сай жаңа бұйым жасап шығару, қолөнерді жандандыру. Қалдықты “Екінші өмірге” әкеліп, пайдаға асыру.

Зерттеудің теориялық мәні және ғылыми жаңалығы:

Қалдықты іске асыра отырып, еш жерде қалмайтындығына көз жеткізу.

Зерттеудің практикалық маңызы: Қолдан жасалған бұйымдардың әдемілігі және сұранысқа ие болуы.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және қолданылуы.

Қалдықтан әдемі бұйым жасап, тұрмыста қолдану.

Зерттеудің негізгі кезеңдері:

Бірінші кезеңде: Зерттелетін мәселенің ғылыми бағыттары айқындалып, мектеп тәжірибесіндегі жайы қарастырылды. Нақты айтқанда, зерттеу тақырыбына байланысты ғылыми әдебиеттерге талдау жасалып, қажетті материалдар жинақталды.

Екінші кезеңде: Зерттеу жұмысының негізіне алынатын қағидалар, жетекші идеялар дәйектелді, суреттер іріктелді. Материалдар өңделді.
Үшінші кезеңде: Зерттеу нәтижелері бір жүйеге келтіріліп жинақталды, талдау жасалды, қорытындыланды, практика жүзінде жүзеге асырылып, бұйым жасалды.

Аннотация

Актуальность данного исследования на сегодняшний день имеет большое воспитательное значение: возродить забытое и донести до нынешнего поколения; воспитать конкурентоспособную личность; прививая любовь к национальным ценностям.

Глава государства очень часто говорит об этом в своем послании: «Чтобы стать развитым, конкурентоспособным государством, надо должным образом уделять внимание на культуру, историю, прививая любовь к народным ценностям»

После тщательного исследования данной научной работы, основой которой является научиться делать ручные изделия, применяя доступные средства в школьных условиях, развивая и углубляя мастерство учащихся.

Цель исследования: В процессе исследования изготовления экспонатов из отходов природного материала доказать теоретические и практические знания.

Объект исследования: учебно-воспитательный процесс в школе.

Предмет исследования: развивать умение, мастерство по обработке ручных изделия на уроке технологии и в кружковой работе.

Научность исследования: учитывая материальное состояние школы, делать красивые подделки из отходов природного материала.

Обязанности исследованию: иметь творческий подход к работе.

Уметь самостоятельно работать на уроке технологии, развивая основы научно-теоретической работы.

Изготовление современных изделия предметов быта, имеющих постоянный спрос. Возродить рукоделие.

Основная идея исследования: использовать при работе с ручными изделиями новейшие технологии.

Методы исследования: исследование, контроль, сбор информации, вывод.

Теоретическое исследование и научное новшество: исследуя изготовления экспонатов из природного материала донести практическую ценность применение отходов в быту.

Практическая ценность исследования. Изделия ручной работы красивы и имеют постоянный спрос .

Применение изготовленных экспонатов: применить отходы в быту, сделав красивые подделки.

Правила для защиты проекта: овладение учащимися школы искусства делать рисунки из природного материала.

Основные этапы исследование:

1. этап были рассмотрены вопросы исследование научной работы, анализ научной литературы, связанной с темой исследование.
2. этап отобранны рисунки, взяты за основу правила исследовательской работы.
3. этап сделан анализ проделанной работы, в ходе практической работы были сделаны изделия ручной работы.

Annotation

The contamination of water, air and earth, disappearance bio differences, appearance a great number of new types of different illnesses is a global problem standing before humanity. Therefore the advanced study of Aibek Janet under the name 'Toi the feature and utility utilization of wastes of local natural material' is very important and actual.

Janet familiarizing with the theme of the advdnced study put before itself a purpose: using a method 'Without waste production' to make the hand-made articles and show their benefit in the way of life.

It is necessary to prove that from natural remains we can to make the different hand-made articles which are a research prognosis.

Stages of work:

- Collection of materials on the set topic: from newspaper, magazines.
- Collection of natural materials
- Drawing up a draft
- Making of exhibits

She used methods:

- Searching
- Drawing up a draft
- Onparison.

As a result of the use of simple natural materials which in everyday life are not almost used. Natural materials as as straw are used birch bark seed and leavts Made differtnt exhibits souvtirs from natural mattrial which can be used in the way of life

Кіріспе

Бізді қоршап тұрған табиғи ортаның ластануы, табиғи ресурстардың құртылып, экологиялық жүйенің бұзылуының бәрі жеке-жеке әр азаматқа ғана емес, тұтастай алғанда бүкіл мемлекетке де қатысты. Бұл аз десеңіз, бүгінгі күні бұл мәселе бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтың мүдделерін тікелей қозғап отыр. Қалдықтың табиғатты ластауы, адамның өзіне зардап тигізуі, табиғаттың тепе-теңдігінің бұзылуымен адамның табиғатқа жасаған қиянатының өзіне қайта келуі, табиғаттың өзіне тән заңдылықтары бар екендігін көрсетеді. Қоршаған ортаның ластануынан соңғы жылдары тері, сары аурулар, көз, жүрек, қан аздық, тыныс ауруларының көбеюіне әсер етуде, ластанған ауаны, суды топырақты пайдаланған халықтың деңсаулығы дұрыс болмайтындығы анық. Бұл әсіресе жастар арасында белең алуда. Экологиялық жағдайдың әсерінен экологиялық деңсаулықтың қалыптасуы болашақ адам өміріне, тіршілігіне кері зиянын тигізеді. Осындай жағдайдың алдын-алу үшін экологиялық тығырықтан шығу шаралары қарастырылуы қажет. Мен тұратын қалада халық өте тығыз орналасқан. Сондықтан қалада атмосфераны ластауға, судың құрамының өзгеруіне, коқыс, қалдықтардың көп болуы халықтың деңсаулығына әсерін тигізеді. Күзде астық жиналғаннан кейін үйілген сабан ешнәрсеге жаратылмай егіс алқабында қалады немесе оны өртеп ауаны ластайды. Сондықтан экологиялық мәселені шешуге аз болса да үлес қосу мақсатында ғылыми жұмысымды «Жергілікті табиғи материал қалдығы сабанды қолдану арқылы бұйым жасаудың ерекшелігі мен тиімділігі» тақырыбында алдым.

Зерттеудің мақсаты: Қалдықтың еш жерде қалмайтынына көз жеткізу арқылы теориялық тұрғыдан негіздеу және тәжірибе жүзінде дәлелдеу.

Зерттеудің міндеттері:

- Өз бетімен шығармашылық жұмыс жүргізе білу,
- Технология пәні негізінде қолөнер бұйымдарын жасау, шеберлігін дамыту
- Ғылыми-теориялық негіздерін айқындау.
- Күнделікті тұрмысқа қажетті сұраныс туғызатын, заман талабына сай жаңа бұйым жасап шығару, қолөнерді жандандыру.

Зерттеудің теориялық мәні және ғылыми жаңалығы:

Қалдықтың еш жерде қалмайтындығына көз жеткізіп, оны екінші өмірге әкелу.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және қолданылуы:

Қалдықты жерде тастамай, әдемі бұйым жасап, тұрмыста қолдану. «Өнерден қуат алмаса тіршіліктің шырағы өшеді», - деп М.Әуезов

айтқандай, өсіп келе жатқан ұрпағымызға өнерді бойына сіңіріп өсіру – қазіргі кездегі кезек күттірмейтін мәселе. Сондықтан мәдени мұра бағдарламасы аясындағы халықтық мәдени құндылықтары мен дәстүрін дамыту жергілікті табиғи материал қалдығы сабанды қолдану арқылы бұйым жасаудың ерекшелігін ескере отырып, табиғи қалдықты бүгінгі күнде өз кәдемізге жаратып, қолдану тиімділігін қарастырайық:

1. Қалдықты «екінші өмірге» әкеліп іске жарату.
2. Қалдықты өртеп, ауаны ластауға жол бермеу.

Алғаш ұстазыммен осы істі қолға алғанда, «Ел іші – алтын бесік» деген аталы сөздің ақиқатын көзіммен көріп, халық шеберлерінің қалдықтан жасаған таңғажайып бұйымдарын қолыма ұстағанда, іздегенімді тапқандай болдым.

Негізгі бөлім

Табиғи материалдан жасалған композицияларды тұрғын үйлерді безендіру үшін пайдаланатын болсақ, кез келген бөлме тартымды әрі сәнді болып көрінеді. Сонымен бірге адам ағзасына пайдасы мол. Гүлдер үйге сұлулық қана әкеліп қоймайды, сонымен қатар үй ішінің осы заманғы дизайнының элементтері болып табылады. Кез келген сабаннан бұйым жасауға болмайды. Сабан құрғақ болуы керек. Бидай мен арпаның сабаны екі түрлі болады. Бұйым жасауға бидайдың сабаны ерекше. Малға қыстық азық ретінде де пайдаланады. Өйткені құрамында ақуыз, көмірсу мен май көп. Қолөнер бұйымдарына да осы бидай сабағы қолданылады. Себебі түсі жылтыр, иілгіш, жұмсақ болады.

Сабаннан жасалған суреттер нәзік, табиғи көрінісі жазды еске түсіріп, қала пәтерлеріне табиғи әсемдікпен жасалған композициялар үйдің ішін әдемілікпен толтыра түседі және ол табиғи заттан жасалғандықтан адам ағзасына пайдасы зор.

Жұмысты жасаудың реттілігі: панноны жасау үшін альбомға сурет салып, өзіме ұнаған біреуін таңдап алып, осы тақырып бойынша шығармашылық жоба дайындадым.

Бұйымның қызметі: бөлмені сәндеу немесе сыйлық жасау.

Ол үшін керекті құрал-жабдықтар мен материалдарды дайындадым.

Шикізат өнімі сабанды өңдеу:

А) Сабанның сыртқы қабығын тазалап бұйым жасауға жететіндей етіп дайындаймыз.

Б) Сабанды суға бір қасық ас содасын салып 10-15 минут қайнатамыз.

В) Судан алып, оларды кеңсе пышағымен бойлай жарамыз.

Г) Жарылған шилерді бетіне және астына қағаз салып үтіктейміз.

Д) Қажетті суретті салып, сабанды ыңғайына қарай жапсырлаймыз.

Жоба негізінің бағыты.

Бұйым жасау үшін ең бірінші сұраныс жасалып, жоба құрылды. Бұйым қандай әдіспен жасалатыны анықталады. Қажетті құрал-жабдықтар дайындалып, суреті салынып, үлгі жасалды. Теорияны практикамен ұштастырылып, сарамандық жұмыс жүргізіліп, бұйым жасалды. Бағасы шығарылды. Жарнамаланып, сатылды.

Бұйым жасау әдісі

Бұйым жасау үшін көңіліме жақын, өзіме ұнаған суретті таңдап алдым. Таңдап алынған бірінші жобам: «Көктем жаршысы» панносы көктем шығып, құстар ұшып келіп жатқан кезде туындады. Таңертең ерте бұлбұлдың сайрағаны, арайлап шыққан күннің нұры дүниені жандандырып ерекше бір көңіл-күй сыйлайды.

«Көжек». Өте сүйкімді, көңілді көжекті бейнеледім.

«От шашу». Бұл жобамды Тәуелсіздік күніне арнадым, жайқалған, жан-жағына шуақ шашып тұрған, әр адамға жақсы көңіл-күй сыйлайтын гүлдерді от шашу бейнесінде көрсеткім келді.

Бұл жобамның тақырыбын «Нәзіктік» деп атадым. Өздеріңізде білесіздер, гүл өте нәзік әрі сұлу өсімдік. Табиғаттың ең әсем дүниесі десе де болады. Ол нәзік болғанымен оның адамдарға берер пайдасы өте көп. Егер бөлмеге немесе сынып бөлмесіне қояр болсақ, ол тек сұлулық беріп қана қоймай, сонымен қатар ауаны да тазартады, көңіл-күй сыйлайды.

Төмендегі шығарма ауылдан алған әсерімнен туындады. Ол – «Табиғат еркесі». Жазда ауылға барғанда атам екеуіміз марал өсіретін жерге бардық. Сонда атам қарашы мына жануар «Елік» деп аталады, оны адамдар «Табиғат еркесі» дейді деді. Шындығында да адамға қарағанда мөлдіреген көзі, төңірекке еркелей қарағаны, сұлулығы мені таңқалдырды.

Өздеріңіз көріп отырғандай, жарамсыз болған қалдықтардан ешқандай шығын шығармай өте әдемі бұйымдар жасауға болатынына көздеріңіз жетті.

Қолдан жасалған бұйымның экономикалық көрсеткіші.

№	Бұйымға қажетті материал	Дүкендегі бағасы	Бұйымға қажетті материал мөлшері	Шыққан шығын
1	Мата (қара)	1 метр-450 теңге	40 см	160 теңге
2	Сабан	тегін	-	тегін

3	Желім	1 дана - 35 теңге	1	35 теңге
4	Жақтау	1 дана -200теңге	1	200 теңге
5	Барлығы			395 теңге

Дүкендегі және қолдан жасалған бұйымды салыстыра келіп, қолдан жасалған бұйымға кеткен шығын:

Мата -160 теңге

Желім – 35 теңге

Жақтау – 200 теңге

Еңбек шығыны – 100 теңге

Сабанның құны тегін.

Барлығын қосқандағы шыққан бұйымның бағасы 495 теңге болады. Дүкендегі бұйымның бағасы 1000-2500 теңге аралығында. Сондықтан қолдан жасалған бұйымның бағасының арзанға түсетініне және өзіме ұнайтындай етіп жасап алып пайдалануыма болады.

Сауалнама

Мектепте мұғалімдері мен оқушылардан алынған сауалнама.

- 1.Дүкендегі бұйымдардың сапасы сіздің көңіліңізден шыға ма?
- 2.Дүкендегі бағасы сіздің көңіліңізден шыға ма?
- 3.Қолдан жасалған бұйымдар сізге ұнайма?
- 4.Қолдан жасалған бұйымның сапасы сіздің көңіліңізден шыға ма?
- 5.Қолдан жасалған бұйымның бағасы сіздің көңіліңізден шыға ма?
- 6.Таңдау бойынша қайсысын алар едіңіз?
- 7.Өзіңіз қандай сыйлық алғанды ұнатасыз?

Оның нәтижесі төмендегідей:

Мұғалімдер

Қолдан жасалған бұйымдардың тиімділігі-84%

Дүкеннен алынған бұйымның тиімділігі-16%

Оқушылар

Қолдан жасалған бұйымдардың тиімділігі-76%

Дүкеннен алынған бұйымның тиімділігі-24%

Нәтижесінде қолдан жасалған заттардың жоғары бағаланатынын көрдім.

Қорытынды

Бұл ұсынылып отырған шығармашылық жобамның тиімділігі:

1. Оқушылардың әлеуметтік жағдайларын ескере отырып, сондай-ақ қолда бар затты ұқсата білу.

2. Жасаған бұйымды әсем етіп шығарып, пайдаға асыру.

3. Жапсырмалаумен айналысқанда адам жеке басына аса қажет нәрсені жасау үшін ғана жасалмайды, сонымен бірге осы жапсырмалау үстінде түрлі-түсті бояулар әлемінің үйлесімділігі, түрлі жапсырмалау әдістерін меңгеріп, талғамы, шеберлігі, ой-өрісі дамиды, көркемдікті сезіну қабілеті жетіледі.

4. Қыз бала қолөнерге бейімделіп, өнер әдісін жетік меңгеріп игерсе, ол өз өмірінде бір қажетіне жаратары сөзсіз.

Бұл ұсынылып отырған шығармашылық жобамның ерекшелігі:

Өнерді жасау үшін композицияны жақсы білуіміз қажет. Сондықтан мен өз тәжірибемде өнердің шын мәнінде ғылыми тұрғыда жасалу жолын меңгердім, логикалық ойлай отырып, көргендерімді есте сақтап, оны қайта жаңғыртуды үйрендім. Осы жұмыстарымның нәтижесінде салыстырмалы түрде өз еңбегіммен орындалған және дайын дүкеннен сатып алынған бұйымның айырмашылығын терең түсіне білдім. Адам айналасындағы заттар мен құбылыстарды тану, білу, қабылдау, нақты нәрселерді бақылау, қайсыбір нәрсені танып білу үшін, алдымен оны көреді, оның қасиетін, белгілерін анықтайды. Осылайша танысудың нәтижесінде жиналған тәжірибелік нақты материал жайындағы белгілі бір ой қорытындысын жасап, үйренуді, ізденуді, талмай еңбектенуді қажет етеді. Міне, осы еңбектің барлығын жисақ байлық, берсек сыйлық, сатсақ қаржы, қабырғаға ілсек әдемі сурет, бір сөзбен айтқанда баға жетпес асыл мұра.

Салыстыру, тұжырымдау нәтижесінде, қорытындымыздың пікіріміздің дұрыс болуы қарастырылады. Бұл жұмыс адамның ішкі рухани дүниесін байыта түсетін, қажетті құндылықтардың бірі деп айта аламын.

Бізді қоршаған әлемнің әр қилылығы әр түрлі қасиетке ие, және өзара бір байланыстағы жекеленген материалдық заттардың болуынан туындайды. Күнделікті тұрмысқа қажетті сұраныс туғызатын, қазіргі заман талабына сай, жаңа бұйым жасалып, ұмыт болған халқымыздың қолөнерін жандандырып, оны жаңа дизайн талаптарына сай әсемдеп тұтыну бұйымдары жасалды. Осы жұмысымның нәтижесінде салыстырмалы түрде өз еңбегіммен орындалған және дайын дүкеннен сатып алынған бұйымның айырмашылығын терең түсіне білдім.

Қалдықты пайдалана отырып, оны «екінші өмірге» әкеліп ешнәрсенің жерде қалмайтынын дәлелдедім.

Қазіргі заманда елімізді барша шетелге танытуға қолөнер үлкен үлесін қосуда. Бұл оқушыларды ғана емес, барлық қоғамды қолөнерге баулу, әлемнің кереметін сезінуге алып келеді. Кейінгі кезде қолдан дайындалған бұйымдар көптеп қолданылып жүр. Және де ерекше сұранысқа ие болуда. Ойындағы бейнені, кез келген қалдық заттарды іске жарату арқылы әр түрлі интерьерге қажетті сыйлыққа берер кәдесыйларды дайындап алуға болады.

Оқушылар болашақта осы жұмыстарын жалғастыра берсе, үлкен сұранысқа тұрарлық мамандық иесі бола алады. Олар өздері жасаған бұйымдарын қазірден-ақ еш оқу орнын бітірмей жасап сата ала алады. Олардың өздерінің қолдарымен жасаған бұйымдары біріншіден, эксклюзивті, екіншіден қазіргі заманда ақша табу көзі бола алады. Сондықтан олар өздеріне күнделікті ақша шығындарын тауып алуларына үлкен мүмкіндік береді. Сонымен бірге жасалған бұйымды үлгі ретінде мектеп шеберханасына қойып, көрме жасап, оқушылардың өнерге деген қызығушылықтарын арттыруға табылмас көрнекілік ретінде пайдалануға болады.

Қорытындылай келе мен болашақта түрлі қалдықтарды пайдаланып, сұранысқа ие болатын сабаннан қағаз жасауды ойластырып жүрмін. Елімізде сабаннан қағаз өндіру ісін жолға қойсам деймін. Негізінде әр елдің қағаз шығару жүйесі әр түрлі. Біз қағазды шетелден алып, бар шикізатты пайдаланбай, көп қаржы шығындаймыз. Осылай жалғаса берсе, өз елімізде ешқашан қағаз өндірісі дұрыс жолға қойылмайды. Ал сабан шөбі қол жетімді әрі арзан. Тек осыны жолға қойып, күш салсақ жетіп жатыр. Қазір әлемде АҚШ, Жапония, Швеция қағаз шығарудан алда келеді. Олар барлық шикізат қалдықтарын тиімді пайдаланудың нәтижесінде осындай дәрежеге жетіп отыр. Бізде осыны ойластырып, шикізат қалдықтарын тиімді пайдалануымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы. 1995 жыл. 33 бет.
2. Энциклопедия. «Қазақ қолөнері». Алматы. 2002 жыл. 38 бет.
3. Тәжімұратов Ә. «Шебердің қолы ортақ». Алматы. 1977 жыл. 33 бет.
4. Ысқаққызы Ә. «Сабан өнері». 2007 жыл. 35 бет.
5. Х.Арғынбаев «Қазақ халқының қолөнері». Алматы: «Өнер», 2017 жыл, 168 бет
6. Х.Маданов «Қазақ мәдениетінің тарихы». «Алматы», 2008 жыл, 45 бет.
7. «Қазақстан мектебі». Алматы: «Дәуір», №5, 2014 жыл. 7 бет.
8. Қазақстан мектебі» Алматы: «Дәуір», №2. 2014 жыл. 54 бет.
9. М.Ш.Өмірбекова «Энциклопедия». «Алматыкітап» баспасы. 2013 жыл.
10. «Хабаршы» журналы, №1(6). Алматы. 2015 жыл
11. Р.Қарғабекова, Г.Жубаниязова. Бейнелеу өнерінің тарихы. Алматы, 2014 жыл. 125 бет.
12. Б.Р. Виппер «Введение историческое изучение искусство», 2005.
Портреттегі ұқсастық проблемалары. 2006.
13. Ж.Ф.Гийу «Виликие полотно» Москва: «Слова», 2005. 82 бет.
14. О.Жанбыршиев. «Кескіндеменің техникасы мен технологиясы». Алматы. – 2014, 31 бет.
15. Ф.Ф.Гадеева, М.З.Гайдукевич Көрме каталогы, Алматы. – 2006, 135 бет.
16. А.Кастеев «мастера изобразительных искусств Казахстана». – Алматы: «Өнер», 2006, 11 бет.
17. «Искусства Казахстана» Алматы. 2002. 75 бет.
18. Б.К.Барманкулова «Павел Зальцман» көрме каталогы. Караганды. 1983. 58 бет.
19. Ергалиева «Этнокультура традиции в современной искусстве Казахстана». – Алматы, 2009, 62 бет.
20. «Қазақстан мен Орталық Азияның дәстүрлі және қазіргі өнері». – Алматы, 2013, 120 бет.
21. Валентин Антощенко-Оленов. Алматы: «Өнер», 1983, 101 бет.
22. «История искусства Казакстана» очерки 2 том. Алматы. 2014, 92 бет.
23. А.С.Шипанов. «Әуесқой жас суретшілер мен мүсіншілер». – Алматы: «Мектеп». 2009, 170 бет.

24. Үкі Әжиев. Алматы: «Өнер» баспасы, 2014, 38 бет.
25. «Современное искусство Казахстана: проблема и поиски». – Алматы: «Мектеп», 2009, 75 бет.
26. «Приоритеты развития на современном этапе». Алматы. 2011, 123 бет.
27. М.Ш. Өмірбекова «Традиционная культура казахов». – Алматы: «Алматыкітап» баспасы, 2014, 87 бет.
28. Жарықбаев «Афоризмы об искусстве». Алматы. 2011. 115 бет.
29. С.Қасимов. «Қазақ халқының қолөнері». – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 2009, 62 бет.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	5
Ұлттық ою-өрнек технологиясы және оның этно-мәдени сипаты.....	7
«Шебер қолдар» үйірмесіне арналған авторлық бағдарлама.....	12
«Шебер қолдар» үйірмесінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары.....	17
Жергілікті табиғи материал қалдығы сабанды қолдану арқылы бұйым жасаудың ерекшелігі мен тиімділігі.....	24
Қорытынды.....	31

ҰСЫНЫСТАР ҮШІН

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«ӨРКЕНИЕТ» ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БАСПАСЫ**

**РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ИЗДАТЕЛЬСТВО НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОГО ЦЕНТРА
«ӨРКЕНИЕТ»**



Электрондық почта: kabinet-2020@mail.ru